

Халықаралық Жазғы “Биологиялық қауіпсіздіктегі ветеринария” мектебі – 2024

KazNARU (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті) ұйымдастыруымен 2024 ж. 3-14 маусым аралығында Халықаралық Жазғы мектеп – 2024 он бағытта өтті.

ХЖМ – 2024 мақсаты жаңа білім беру, тәжірибелік дағдыларды, инновациялық технологияларды және ғылыми зерттеу әдістерін оқыту

“Биологиялық қауіпсіздіктегі ветеринария” мектебі бойынша 39 дәріскер, оның ішінде Қазақстаннан – 19, Түркиядан – 2, Өзбекстаннан – 5, Пакистаннан – 1, Қытайдан 5, Румыниядан – 3, Франциядан – 1, дәріс оқып, практикалық сабақ өткізді.

“Биотехнологиялық қауіпсіздіктегі ветеринария” мектебінің жетекшісі – Сансызбай Абылай Рыспайұлы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор;

Модераторы – Ильгекбаева Гүлназ Дүйсекқызы ветеринария ғылымдарының докторы, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры.

Фасилитатор – Жанабаев Сапархан Демеуович, «Микробиология, вирусология және иммунология» кафедрасының ассистенті;

Техникалық хатшысы – Бредихина Елена Константиновна, Ветеринария ғылымының магистрі, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының аға оқытушысы.

Жазғы мектептің салтанатты ашылуында біздің мектептің атынан шет елдік ғалымдардан Қытай ауылшаруашылығы академиясы Ланджоу ауылшаруашылығы және фармацевтика институтының директоры, профессор Жанг Жижу (Zhang Jiyu) сөз сөйлеп, аталған институт профессорлары Шанг Ксиаофей (Shang Xiaofei) және Ли Бинг (Li Bing) қатысты.

ХЖМ – 2024 бағдарламасына қатысушылардың кәсіби және тұлғааралық құзыреттілігін қалыптастыратын дәрістер, мастер-кластар, дөңгелек столдар енгізілді. Сонымен қатар оқытушылар құрамы жоғары дәрежелі кәсіпқой мамандармен – білікті ғалымдар, салалық ғылыми зерттеу институттары мен өндіріс өкілдері – ұйымдастырылды.

ХЖМ – 2024 аясында тыңдаушыларға “Антиген ҒӨК” ЖШС мен “Amiran” ЖШС кәсіпорындарында да сабақ өткізіліп, биологиялық препараттарды өндірудің және сүтті бақыттарды сиырларды өсіру технологияларымен таныстырылды.

Сенбі күні Париж-2024 Жазғы Олимпиада ойындарына арналған “Sport Fest” іс-шарасына тыңдаушылардан құрылған команда спорттық жарыстарға белсене қатысып, нәтижесінде Ветеринария факультеті мектептерінің құрама командасы бірінші жүлделі орынды иеленді.

KazNARU (ҚазҰАЗУ) жазғы мектебі – жас буынға оқу үдерісіне терең батуға, өз білімдерін кеңейтуге және ғылым аясында жаңа әріптестермен танысуға үлкен мүмкіндік.

Ильгекбаева Г.Д., Бредихина Е.К., биологиялық қауіпсіздік кафедрасы



The screenshot shows a Zoom meeting interface. The main slide is titled "中药对犬猫源性大肠杆菌耐药性的消除作用" (The elimination effect of Chinese herbs on feline and canine original *E. coli* resistance to antibiotics). The presenter is identified as 麻武仁 (Wuren Ma) from the Institute of TCVM & College of Veterinary Medicine, NWAUFU. Contact information includes a phone number 13811582100 and an email vetma@nwafu.edu.cn. The slide also features a drawing of a person and a dog, and a timestamp of 13:00. On the right side of the Zoom window, there is a video feed of the presenter, Wuren Ma, and a list of other participants: Иску Тайра... and Александр... The browser address bar shows "Ветеринария в биологической безопасности Veterinary medici...".









